

Түркістан облысы Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру жайлы мәліметі.

Дұрыс тамақтану әрбір азаматтың міндеті демекші «Шарбұлақ» жалпы орта мектебінде 1-11 сыныптар аралығында 1086 оқушы білім алып келеді. Әлеуметтік жағдайын зерттей келе 2 оқушы тұл жетім, 34 оқушы жартылай жетім, 68 оқушы аз қамтылған, 310 көп балалы отбасынан шыққан. Жалпы 414 оқушы арасынан зерттеліп, 31 оқушы мемлекет тарапынан бөлінген 1%-дық жарна есебінен бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Қажетті барлық құжаттары жинақталған. Мектептің қамқоршылық кеңесінде қаралып, хаттама толтырылған. Мектеп директорының бұйрығы ауыл әкімінің келісімі бойынша тізімі жасалып, бекітілген. Ата-аналар тарапынан өтініштері жинақталған. Бір мезгіл берілетін ыстық тамақпен қамтылған 31 оқушының 25 оқушы бастауыш сыныптарынан, 6 оқушы жоғары сынып оқушыларынан тартылған.

31 оқушының әлеуметтік жағдайы 2 оқушы тұл жетім, 6 оқушы жартылай жетім, 9 оқушы көп балалы 14 оқушы аз қамтылған отбасы балалары. Бірінші ауысымда 19 оқушы екінші ауысымда 12 оқушы тамақтанады.

Бірінші ауысым уақытты: 10 сағ. 25 минут

Екінші ауысым уақытты: 15 сағ. 35 минут

Бір мезгіл берілетін ыстық тамақ мектеп буфетінде ұйымдастырылған.

Мектеп буфетінде Қаратаева Дариға аспазшы қызметін атқарады. медициналық тексеруден өткен кітапшасы бар. Күнделікті тамаққа қойылатын санитарлық – гигиеналық талаптардың сақталуы мектеп мейірбикесі Абдулаева Азизаға жүктелген. Оқушылардың тамаққа келіп-кетуін қадағалау әлеуметтік-педагог О.Пердеевке жүктелген. Меню жасалынған. Аудан тарапынан мемлекеттік сатып алудан жеңіп алған кәсіпкер Н.Сеңгірбаев барлық азық-түлікпен қаматамасыз етеді. Кәсіпкер Д.Қаратаева тарапынан талапқа сай стол орындықтар және ыдыс аяқпен қамтамасыз етілген. Бір мезгіл берілетін ыстық тамақ өз деңгейінде беріліп келеді. Күнделікті әр оқушының келіп-кетуі жайлы тізім жасалып, қол қойылып отырады.

